

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы N 533 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 28 қазандағы № 268-VI Заңымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (06.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Мәтіндегі сөздер алмастырылды - ҚР 2006.01.10 № 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), бүкіл мәтін бойынша "қаланың" деген сөздің алдынан "облыстық маңызы бар" деген сөздермен толықтырылды - 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

Осы Заң өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді және оны жүргізудің құқықтық, қаржылық және ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агент – жалғыз акционері мемлекет болып табылатын, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің құрамына кіретін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам;

2) алып тасталды - ҚР 10.01.2018 № 134-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) егістің толық жойылуы – егіске қолайсыз табиғат құбылыстары әсерінің салдары, өнімді одан әрі өсіруге және жинауға жұмсалатын шығындар өнім алудан түсетін болжамды кірістен асып түсетін жағдай;

4) егістің ішінара жойылуы – егіске қолайсыз табиғат құбылыстары әсерінің салдары, бір гектардан өсімдік шаруашылығы өнімінің түрін өндірудегі бағалау кірісі немесе іс жүзіндегі кіріс міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде белгіленген бір гектарға жұмсалатын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрін өндіру шығындары нормативінің мөлшерінен кем болатын жағдай;

5) қолайсыз табиғат құбылысы – нәтижесінде өсімдік шаруашылығының өнімі жойылған немесе бүлінген табиғат құбылысы (ұзақ мерзімді –

құрғақшылық, үсіп кету, жылудың жетіспеуі, топырақтың шамадан артық ылғалдануы, ауаның шамадан тыс ылғалдануы, су тасқыны, су тапшылығы, аңызак; қысқа мерзімді – бұршақ соғу, нөсер жаңбыр, үсік шалу, қатты жел, сел);

6) қолайсыз табиғат құбылысының фактісі бойынша зерттеп-қарау актісі (бұдан әрі – зерттеп-қарау актісі) – талаптары уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша осы Заңда көзделген, егістің ішінара немесе толық жойылуы мен қолайсыз табиғат (құбылысының) құбылыстарының әсері арасындағы себеп-салдарлық байланысты растайтын құжат;

7) өнім алудан түсетін болжамды кіріс – өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган бекіткен егістің жойылған алаңдарын айқындау әдістемесіне сәйкес комиссия айқындайтын кіріс;

8) өсімдік шаруашылығы – өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірумен шұғылданатын ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді – жеке және заңды тұлғаларды қамтитын ауыл шаруашылығы саласының өндірістер кешені;

9) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарты (бұдан әрі – міндетті сақтандыру шарты) – осы Заңда белгіленетін талаптар бойынша сақтандырушы мен сақтанушының арасында жасалатын шарт;

10) өсімдік шаруашылығындағы өзара сақтандыру қоғамы (бұдан әрі – қоғам) – өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласында өз мүшелерінің мүліктік мүдделерін өзара сақтандыруды жүзеге асыру мақсатында тұтыну кооперативінің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға;

11) өсімдік шаруашылығының өнімдері – ауыл шаруашылығы дақылдарын (дәнді, майлы дақылдар, қант қызылшасы, мақта) өңдеу процесінде алынған өнім;

12) өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган – өсімдік шаруашылығын дамыту саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік орган;

13) сақтандыру жағдайы – басталуына орай міндетті сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

13-1) сақтандыру омбудсманы – "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

14) сақтандыру сомасы – міндетті сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

15) сақтандыру сыйлықақысы – сақтандырушы міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жасауға міндеттемелер қабылдағаны үшін сақтанушы сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;

16) сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы ;

17) сақтандырушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе өзінің пайдасына шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жасауға міндетті заңды тұлға;

18) сақтанушы – өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және сақтандырушымен міндетті сақтандыру шартын жасасқан тұлға;

19) франшиза – сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын зиянды өтеуден босату;

20) шығындар нормативі – өсімдік шаруашылығының өнім түрі өндірісінің бір гектарына шаққанда жекелеген технологиялық процестер, жұмыс түрлері және шығыстар баптары бойынша теңгемен көрсетілген шығындар.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2018 № 134-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан, "Өзара сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлерде өсімдік шаруашылығы өнімдерін өсіру және өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау жөніндегі қызметке осы Заңның күші қолданылмайды.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.07 N 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

3-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру объектісі

Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтанушының мөлшері өсті Заңға сәйкес белгіленетін залалдарын ішінара немесе толық өтеумен байланысты сақтанушының мүліктік мүдделері өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.07.07 N 179 Заңымен.

4-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандырудың мақсаттары

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандырудың мақсаттары:

1) өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушінің мүліктік мүдделерін осы Заңда көзделген жағдайларда, мөлшерде және тәртіппен сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қолайсыз табиғат құбылыстарының зардаптарынан қорғауды қамтамасыз ету;

2) өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге сақтандырылған егісті кепілге қою арқылы кредит беру үшін жағдай жасау;

3) өсімдік шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыруға жәрдемдесу болып табылады.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.07.07 N 179 Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Ескерту. 4-1-бап алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау

1. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің осы Заңда белгіленген міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттерінің орындалуына мемлекеттік бақылауды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

2. Өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган:

1) өсімдік шаруашылығы саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) өсімдік шаруашылығын дамыту үшін құқықтық және экономикалық жағдайларды жетілдіреді;

5) республикадағы және шетелдердегі өсімдік шаруашылығы саласындағы жай-күй ахуалын зерделейді;

6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

10) "қойылған егіс алқаптарын айқындаудың әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

11) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

12) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға қоғамдардың атауын және орналасқан жерін көрсете отырып, олардың тізілімін ұсынады;

12-1) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының және сақтандыру төлемдерін ішінара өтеу тәртібі мен талаптары туралы шарттың үлгі нысанын әзірлейді және бекітеді;

12-2) міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлерін өндіру үшін егістік алқаптың бір гектарына жұмсалатын шығындар нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

12-3) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану тәртібін және агент көрсететін қызметтерге төленетін ақының мөлшерін әзірлейді және бекітеді;

12-4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның ұсынуы бойынша қолайсыз табиғат құбылыстарын айқындаудың критерийлері мен сипаттамаларын әзірлейді және бекітеді;

12-5) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарының көлемін айқындау үшін комиссия құруының және оның жұмысын ұйымдастыруының тәртібін және зерттеп-қарау актісінің нысанын әзірлейді және бекітеді;

12-6) гидрометеорология қызметі органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтамасының үлгі нысанын әзірлейді және бекітеді;

12-7) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы бақылау функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушының, сақтандырушының, агенттің және қоғамның беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

13) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2-1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы:

1) Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығы саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) агенттің, қоғамның қызметін, олардың Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

3) сақтанушылардың міндетті сақтандыру шарттарын жасасудан жалтаруы туралы және қоғамның Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасының және осы Заңның талаптарын сақтамауы туралы істерді қарайды;

4) өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушыдан, сақтандырушыдан, агенттен және қоғамнан сұратады және алады;

5) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) шаруашылық жүргізуші субъектілерін міндетті сақтандыруды ұйымдастырады;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы белгілеген нысан бойынша өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушыдан, сақтандырушыдан және агенттен сұратады және алады;

3) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі тиісті аумақта егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілейді;

3-1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына ағымдағы жылы сақтандырылуға тиіс өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің тізбесін ұсынады;

4) осы Заңның 9-бабына сәйкес комиссиялар құрады;

5) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4. Сақтандыру ұйымдарының қызметіне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.10 N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07 N 179, 2007.05.07 N 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-1-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі

Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы:

1) агенттен өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтанушылардың тиісті аумақтағы сақтандырылған өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері көрсетілген тізбесін сұратады;

2) алынып тасталды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 -б. қараңыз) Заңымен.

3) алынып тасталды - ҚР 2009.07.17 N 188-IV Заңымен;

4) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасайды және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiне сәйкес әкімшілік жазалар қолданады.

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Тексеру және профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.31 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 N 179, 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-2-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды жүзеге асырудың ерекшеліктері

1. Осы Заңда қамтылған ережелер қоғамдарға олардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

Қоғам мүшелерінің мүліктік мүдделерін сақтандыру өзара сақтандыру ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қоғам мүшелері болып табылатын өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілер сақтандырушыда міндетті сақтандыруға жатпайды.

3. Алып тасталды - ҚР 27.04.2015 № 311-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарттарын жасасу бойынша бір сақтандырушыға басқалары алдында негізсіз артықшылықтар беруге немесе алуға, сақтанушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасалуына бағытталған қызметке жол берілмейді.

Ескерту. Заң 5-2-баппен толықтырылды - ҚР 2007.05.07 N 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 27.04.2015 № 311-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-3-бап. Ақпараттық өзара іс-қимыл жасау

Қолайсыз табиғат құбылыстары және олардың салдары туралы ақпаратқа ие жергілікті атқарушы органдар, өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар осы ақпаратты сақтандырушыға және сақтандыру омбудсманына олар өтініш жасаған кезде беруге міндетті.

Ескерту. 5-3-баппен толықтырылды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру кезіндегі сақтандыру жағдайларының түрлері

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру кезіндегі сақтандыру жағдайларына зерттеу актісінде тіркелген қолайсыз табиғат құбылыстарының немесе олардың жиынтығының салдарынан сақтанушыда залалдардың туындауына әкеп соққан өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жойылуы немесе бүлінуі жатады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

7-бап. Сақтандыру сомасының мөлшерін белгілеу және шығындар нормативтерінің түрлері

1. Сақтандыру сомасының мөлшері осы Заңда айқындалған міндетті сақтандыру ерекшеліктері ескеріле отырып жасалған шартта, сақтанушы өсімдік шаруашылығы өнімінің осы түрін өсіру жөнінде шығын жұмсаған барлық алқапқа көбейтіліп, бір гектарға жұмсалған шығындар нормативіне сәйкес өсімдік шаруашылығы өнімінің әрбір түрі бойынша жеке-жеке белгіленеді.

2. Сақтандыру сомасын есептеп шығару шығындар нормативінің мынадай түрлерінің бірі бойынша:

- 1) ғылыми негізделген агротехнология;
- 2) оңайлатылған агротехнология;
- 3) шығындардың үш түрі бойынша:
жанар-жағар май материалдары;
тұқым;
жалақы арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.07.07 N 179, 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

8-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін белгілеу және оны төлеудің тәртібі

1. Өсімдік шаруашылығы өнімінің әрбір түрі бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері міндетті сақтандыру шартымен белгіленеді, бірақ ол осы Заңмен белгіленген сақтандыру тарифінің мөлшерінен кем болмауға тиіс.

Сақтандыру төлемдерін мемлекеттік субсидиялау ескеріле отырып, міндетті сақтандыру шартында белгіленген өсімдік шаруашылығы өнімінің түрі бойынша сақтандыру сомасынан процентпен есептелген мынадай ең төмен және ең жоғары мөлшердегі сақтандыру тарифтері белгіленсін:

- 1) дәнді дақылдар (облыс топтары бойынша):

Рет №	Облыстардың атауы	Сақтандыру тарифі %-пен	
		ең төменгі	ең жоғарғы
1.	Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік Қазақстан	1,78	3,48
2.	Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Түркістан	3,17	5,83
3.	Ақтөбе, Батыс Қазақстан	5,21	9,15

2) майлы дақылдар (бүкіл республика бойынша) ең төмен – 2,01%, ең жоғары – 3,44%;

3) қант қызылшасы (бүкіл республика бойынша) ең төмен – 5,76%, ең жоғары – 8,39%;

4) мақта (бүкіл республика бойынша) ең төмен – 0,92%, ең жоғары – 1,33%.

2. Сақтандыру сыйлықақыларын төлеуді сақтанушы жүргізеді және ол өсімдік шаруашылығы өнімінің сақтандырылған түрінің өзіндік құнына жатқызылады.

3. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру сыйлықақысын сақтанушы сақтандырушыға бір мезгілде немесе сақтандырушының келісімі бойынша міндетті сақтандыру шартында белгіленетін тәртіп пен мерзімдерде мерзімін ұзартып төлейді.

Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын, оны міндетті сақтандыру шартында белгіленген бір мезгілде төлеу шартымен төлемеген жағдайда, міндетті сақтандыру шарты жасалмады деп есептеледі.

Міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сыйлықақысын мерзімін ұзартып төлеу жағдайларында сақтандыру сыйлықақысының кезекті сомасын уақтылы төлемеген жағдайда сақтанушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандырушыға тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

Егер сақтандыру жағдайы кезекті сақтандыру сыйлықақысы төленгенге дейін не оның төлеу мерзімі өтіп кеткенде басталса, сақтандырушы сақтандыру төлемін азайта отырып, төленбеген сақтандыру сыйлықақысының сомасын есепке алуға құқылы.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.07.07 N 179, 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілеу және оны жүзеге асырудың тәртібі

1. Сақтандыру төлемі франшизаны қолданбай-ақ, сақтандыру сомасы шегінде сақтанушы залалының мөлшерінде жүзеге асырылады.

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру кезінде сақтандырушының франшизаны (шартты немесе шартсыз) белгілеуіне жол берілмейді, ал ол белгіленген жағдайда жарамсыз деп есептеледі.

2. Залал көлемі міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде белгіленген өсімдік шаруашылығы өнімінің түрін өндірудің бір гектарына жұмсалған шығындар нормативінің мөлшері мен қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған алқапта өсімдік шаруашылығы өнімінің түрін өндірудің бір гектарынан алынған, қолайсыз табиғат құбылыстары әсер еткен өнімнің осы түрін өндіру алқабына көбейтілген кіріс арасындағы оң айырмашылық ретінде белгіленеді.

Қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған алқаптардың мөлшерін сақтанушының өтініші бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы құруға міндетті комиссия сақтанушының өтінішін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде белгілейді.

Комиссияның құрамына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының, агенттің, сақтандырушының немесе қоғамның және сақтанушының өкілдері кіреді.

Комиссия сақтандырушы мәлімдеген егіс алаңын өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен апатқа ұшыраған егіс алаңын анықтау әдісі бойынша зерттейді және зерттеу нәтижелері бойынша өсімдік шаруашылығындағы өнімнің апатқа ұшырау деңгейін анықтайды: толық немесе ішінара.

Комиссия зерттеудің нәтижелері бойынша зерттеу жүргізілген күні, қолайсыз табиғат құбылысының әрбір фактісі немесе олардың жиынтығы және өсімдік шаруашылығы өнімінің түрі бойынша жеке-жеке зерттеу актісін үш дана етіп жасайды. Зерттеу актісіне барлық комиссия мүшелері қол қояды, содан кейін ол агенттің, сақтандырушының немесе қоғамның және сақтанушының өкілдеріне беріледі. Егер комиссия мүшелерінің бірі қабылданған шешіммен келіспесе және зерттеу актісіне қол қоймаса, ол комиссияға өзінің бас тартуының себептерін жазбаша түрде ұсынуға және оларды зерттеу актісіне қоса тіркеуге міндетті. Комиссия мүшелерінің үштен екі бөлігінің қолдары болған кезде зерттеу актісі қабылданған болып есептеледі.

Егістер ішінара жойылған жағдайда, қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған алқаптардан жиналған өнімнің көлемі өнімді жинау кезінде міндетті түрде бағалануға тиіс. Егістер толық жойылған жағдайда, залал көлемі табиғат құбылысы әсер еткен өнімнің осы түрін өндіру алқабына көбейтілген, өсімдік

шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде белгіленген өсімдік шаруашылығы өнімінің түрін өндірудің бір гектарына жұмсалған шығындар нормативінің мөлшері ретінде белгіленеді.

Зерттеудің нәтижелері бойынша комиссия қолайсыз табиғат құбылысының әрбір фактісі және өсімдік шаруашылығы өнімінің түрі бойынша жеке-жеке тиісті зерттеу актісін (бұдан әрі - зерттеу актісі) ресімдейді.

Қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған алқаптардан жиналған өнімнің көлемі өнімді жинау кезінде міндетті түрде бағалануға жатады.

3. Кіріс нақтылы, яғни оны алуға қолайсыз табиғат құбылыстары әсер еткен, өсімдік шаруашылығы өнімі түрінің барлық көлемі сатылғаннан кейін есептеліп шығарылатындай болуы мүмкін.

4. Кіріс бағаланатындай, яғни оны алуға қолайсыз табиғат құбылыстары әсер еткен, өнім жиналғаннан кейін және өсімдік шаруашылығы өнімі түрінің барлық көлемі сатылғанға дейін есептеліп шығарылатындай болуы мүмкін.

Бағалау кірісін сақтандырушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша сақтанушы айқындайды. Келісімге келмеген жағдайда бағалау кірісін бағалаушы айқындайды. Тараптар бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, өзгеше дәлелдеуге құқылы.

Егістер толық жойылған жағдайда сақтандырушы бағалау кірісін айқындауды жүргізбейді.

5. Өсімдік шаруашылығының өнімі ішінара ысырап болған жағдайда сақтандыру төлемі өнім жинау аяқталған күннен бастап кемінде бір айдан соң, бірақ үш айдан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Бұл ретте кіріс мынадай тәртіппен есептеледі:

- 1) егер алынған өнім сатылса, осы баптың 3-тармағына сәйкес;
- 2) егер алынған өнім сатылмаса, осы баптың 4-тармағына сәйкес;
- 3) егер алынған өнім ішінара сатылса, осы баптың 3-тармағына сәйкес, ал өнімнің сатылмаған бөлігіне кіріс осы баптың 4-тармағына сәйкес есептеледі.

6. Егістер толық жойылған жағдайда, сақтандырушы осы Заңның 10-бабының 2-тармағында көзделген құжаттарды сақтандырушы алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде сақтанушыға толық көлемде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндетті.

7. Алынып тасталды - ҚР 2006.07.07 N 179 Заңымен.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 N 179, 2007.05.07 N 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV; 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2018 № 134-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы шарттары

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемдері туралы талапты сақтандырушы жазбаша нысанда сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттармен қоса ұсынады.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар:

міндетті сақтандыру шартының көшірмесі;

егістік жерлерді орналастыру картасының (схемасының) көшірмесі;

гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтамасы;

тізбесі міндетті сақтандыру шартында белгіленетін, нақты кірістің алынғанын растайтын құжаттар, ал олар болмаған жағдайда бағалаушының егістер ішінара жойылған кезде кірісті бағалау жөніндегі есебі қоса тіркеледі.

Сақтандырушының сақтанушыдан басқа да құжаттарды қосымша талап етуіне жол берілмейді.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдаған күнді көрсете отырып, екі данада анықтама жасауға міндетті. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісі бар екінші данасы сақтандырушыда қалады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.31 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07 N 179, 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2018 № 134-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері

1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, сақтанушы сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін, сондай-ақ мыналар:

сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;

сақтанушының сақтандыру жағдайының залалдарын азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы;

сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталуының мән-жайларын тексеруге және оған келтірілген залалдың мөлшерін белгілеуге кедергі жасауы;

егер сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғанын уақтылы білгені не сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етпегені дәлелденбеген жағдайда, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарланбауы;

осы Заңның 15-бабы 2-тармағының алтыншы абзацында белгіленген мерзімдерді бұза отырып, қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған алқаптардың мөлшерін анықтау жөніндегі комиссияны құру туралы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына өтініш беруі;

Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген басқа да жағдайлар негіз болуы мүмкін.

3. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді сақтандырушы қабылдайды және осы Заңның 10-бабының 2-тармағында көзделген барлық құжаттар тапсырылған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде сақтанушыға бас тарту себептерін жазбаша нысанда дәлелді негіздеме келтіре отырып, хабарлайды.

4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына сақтанушы сотта шағым жасауы мүмкін.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау сақтандырушыларға және қоғамдарға қолайсыз табиғат құбылыстарының салдарынан туындаған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің елу процентін өтеу және агент көрсететін қызметтерге ақы төлеу үшін өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін бюджет қаражатын бөлу арқылы жүзеге асырылады.

Агент көрсететін қызметтерге ақы төлеуге көзделген қаражат өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган мен агент арасында жасалатын

шартқа сәйкес агенттің екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шотына аударылуы мүмкін.

2. Агентке өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен агент арасында жасалатын шарт негізінде өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган беретін қаражатты басқаруды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде (бұдан әрі – Ұлттық Банк) ағымдағы шот ашылады.

Уақытша бос қаражат Ұлттық Банктегі ағымдағы шоттан Ұлттық Банктегі депозиттерге және мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылуы мүмкін.

Ұлттық Банктегі ағымдағы шоттың табыс бөлігі өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган шарт негізінде беретін бюджет қаражаты және уақытша бос қаражатты Ұлттық Банктегі депозиттерге және мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырудан түсетін кірістер есебінен қалыптасады.

Ұлттық Банктегі ағымдағы шоттың шығыс бөлігіне Ұлттық Банктегі депозиттерге және мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыру сомалары, сақтандырушыларға және қоғамдарға сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеу шығыстары кіреді.

Қаржы жылының соңына есептелетін Ұлттық Банктегі ағымдағы шоттағы қаражат қалдығы өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға және тиісінше бюджетке қайтаруға жатпайды.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.07.07 N 179 Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.07 N 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.07.05 N 30 -V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Жүргізілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеу туралы талап қою тәртібі

1. Агентке жүргізілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеу туралы қойылатын талапты сақтандырушы немесе қоғам осы баптың 2-тармағында көзделген құжаттарды қоса тіркей отырып, жазбаша өтініш нысанында ұсынады.

2. Жүргізілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеу туралы өтінішке мынадай құжаттар:

өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының нотариат куәландырған көшірмесі;

жүргізілген сақтандыру төлемін растайтын құжаттар (төлемдік тапсырма - түпнұсқа, шығыс ордерінің көшірмесі немесе инкассалық өкімнің түпнұсқасы);

сот шешімі бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған жағдайда соттың күшіне енген шешімінің көшірмесі;

егістер ішінара жойылған жағдайда сақтандырушы немесе қоғам растаған бағалау кірісін бағалау туралы құжаттың көшірмесі қоса тіркелуге тиіс.

Осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде көзделген құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, аталған құжаттар сақтандырушыға немесе қоғамға ескертпелерді жою үшін қайтарылады. Бұл ретте сақтандырушыға немесе қоғамға жүргізілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеу мерзімі құжаттарды қайта алған кезден бастап есептеледі, ол бірақ жеті жұмыс күнінен аспауға тиіс.

2-1. Агент жүргізілген сақтандыру төлемін өтеуді осы Заңға сәйкес сақтандырушымен жасалған сақтандыру төлемдерін ішінара өтеу тәртібі мен талаптары туралы шарт негізінде жүзеге асырады.

3. Сақтандырушы агентке көрінеу жалған мәліметтерді хабарлаған және (немесе) берген жағдайда агенттің сақтандырушыға немесе қоғамға жүргізілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеуден бас тартуға құқығы бар.

4. Сақтандырушы немесе қоғам сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындаудың дұрыстығы үшін жауапты болады.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.07.07 N 179, өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.07 N 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

1. Сақтандырушы:

сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушымен және бағалаушымен бірлесе отырып, қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған өсімдік шаруашылығындағы өнімнің нақтылы және (немесе) бағалау кірісін белгілеу жөніндегі жұмысты жүргізуге;

құзыретті ұйымдардан сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттарды сұратуға;

сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін қатыстырылған жағдайда бағалаушының бағалау туралы есебін пайдалануға;

агенттен сақтандыру төлемінің бір бөлігінің өтемін бюджет қаражатынан алуға;

өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге және оларды агентке енгізуге;

бағалау кірісін дербес немесе бағалаушыны қатыстыра отырып айқындауға;

сақтанушы міндетті сақтандыру шартын жасасудың осы Заңның 17-бабының 3-тармағында көзделген мерзімін бұзған жағдайда, бұл шартты жасасудан бас тартуға құқылы.

2. Сақтандырушы:

сақтанушы осы Заңның 10-бабының 2-тармағында көзделген құжаттарды табыс етпеген жағдайда, кідіріссіз, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге;

салдары сақтанушыға залал келтіруді туындатқан сақтандыру жағдайының басталуы кезінде сақтанушы өндіретін өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша осы Заңда және міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіп пен мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;

сақтанушымен осы Заңның 17-бабының 3-тармағында көзделген мерзімде міндетті сақтандыру шартын жасасқан жағдайда, қолайсыз табиғат құбылыстарының нәтижесінде туындаған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің бір бөлігінің өтемін алу үшін агентпен сақтандыру төлемдерін ішінара өтеу тәртібі, талаптары және мерзімдері туралы шарт жасасуға;

өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды өткізу жөніндегі деректерді жүргізу мен жинақтауға және оны агентке оның талабы бойынша ұсынуға;

күшіне енген міндетті сақтандыру шарттары туралы ақпаратты міндетті сақтандыру шарты жасалған айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей, сақтанушы мен агенттің арасында жасалған үлгі шартта көзделген тәртіппен агентке ұсынуға;

сақтанушыны өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандырудың ережелерімен таныстыруға;

сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде сақтанушының (пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;

сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алынған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;

сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

өзі қатыстырып отырған бағалаушы көрсеткен қызметтерге ақы төлеуге;

жүргізілген сақтандыру төлемі мен оның мөлшеріне қатысты барлық сот шешімдері және (немесе) ұйғарымдары туралы агентке солар шығарылған күннен бастап үш күн мерзімде хабарлауға;

қолайсыз табиғат құбылысы туындаған кезде сақтанушының өтініші бойынша қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған алқаптарды айқындау жөнінде зерттеу жүргізу үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы құрған комиссияның құрамына өз өкілін жіберуге міндетті.

2-1. Сақтандырушы ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу агротехнологиясын сақтау жөнінде талаптар қоюға құқылы емес.

3. Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заң актілерінде және міндетті сақтандыру шартында көзделген өзге құқықтары мен міндеттері де бар.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.07.07 N 179, 2007.05.07 N 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2012.07.05 N 30 -V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2018 № 134-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-бап. Сақтанушының құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушы:

міндетті сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;

сақтандырушыдан міндетті сақтандыру шарты бойынша міндетті сақтандыру талаптарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

шеккен залал туралы жасалған бағалаудың нәтижелерімен танысуға;

міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы Заңның 17-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;

сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы немесе оның мөлшерін азайтуы туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында және міндетті сақтандыру шартында көзделген тәртіппен дау айтуға;

қолайсыз табиғат құбылысына ұшыраған егіс алқабында өсірілген өсімдік шаруашылығы өнімінің әрбір түрінен алынған нақтылы немесе бағалау кірісін бағалаудың нәтижесімен келіспеген жағдайда, сотқа жүгінуге;

міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандыру сомасын есептеп шығару үшін осы Заңның 7-бабында көрсетілген шығындар нормативі түрлерінің бірін таңдауға құқылы.

2. Сақтанушы:

осы Заңның 17-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімдерде сақтандырушымен міндетті сақтандыру шартын жасасуға;

сақтандыру сыйлықақыларын міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіп пен мерзімдерде төлеуге;

дереу, бірақ сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін қолайсыз табиғат құбылысының болу фактісі туралы өзіне белгілі болғаннан бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандырушыға бұл жөнінде қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға міндетті. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша расталуға тиіс. Егер сақтанушының дәлелді себептермен аталған іс-әрекеттерді орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол мұны құжатпен растауға тиіс;

агенттің, сақтандырушының және бағалаушының өкілдеріне қолайсыз табиғат құбылысы болған аумақты қарау үшін жағдай жасауға, олардың өнімді жинау жұмыстары аяқталғанға дейін егістіктер мен көшеттердің жай-күйіне бақылау жасауына кедергі келтірмеуге;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған алқаптарды анықтау жөнінде комиссия құру туралы:

қысқа мерзімді табиғат құбылысы кезінде - ол басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде;

ұзақ мерзімді табиғат құбылысы кезінде - гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның өз құзыреттеріне сәйкес осындай құбылыс фактісін растайтын анықтамасы болған жағдайда, оның егістерге әсері анықталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде өтініш беруге;

әрбір жекелеген ауыспалы егіс жерлерінде өзінің мүліктік мүдделерін сақтандыруға;

сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту шараларын қолдануға;

осы Заңның 10-бабының 2-тармағында аталған, сақтандыру төлемін алу үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға ұсынуға міндетті.

3. Сақтанушының Қазақстан Республикасының заң актілерінде және міндетті сақтандыру шартында көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 N 179; 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2018 № 134-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Агенттің құқықтары мен міндеттері

1. Агенттің:

өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге;

өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды жүргізудің тәжірибесін қорытуға;

өзінің құқықтары мен өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін міндетті сақтандыруға қатысушылардан қажетті ақпаратты, соңын ішінде сақтандыру құпиясы бар мәліметтерді сұратуға құқығы бар.

2. Агент:

сақтандырушылар мен сақтанушыларға өсімдік шаруашылығы өнімдерінің белгілі бір түрін өндіруге арналған шығындардың бекітілген нормативтері туралы ақпаратты жеткізуге;

қолайсыз табиғат құбылысы басталған жағдайда сақтанушының өтініші бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органын құрған комиссияның құрамында қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған өсімдік шаруашылығы өнімдері өндірілетін алқаптардың мөлшерін анықтау жөніндегі жұмысты жүргізуге;

осы Заңның 13-бабының 2-тармағына сәйкес құжаттарды алған кезден бастап, он жұмыс күні ішінде өндірілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін сақтандырушыға, қоғамға осы Заңда белгіленген мөлшерде өтеуге;

қолайсыз табиғат құбылысының нәтижесінде туындаған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің бір бөлігін өтеу үшін үлгі нысанның негізінде сақтандыру төлемдерін ішінара өтеу тәртібі мен талаптары туралы сақтандырушымен, қоғаммен шарт жасасуға міндетті.

3. Агенттің Қазақстан Республикасының заңдарымен өзіне жүктелген өзге де міндеттері бар.

4. Агент сақтандырушыларға, қоғамдарға ақшаны осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімде, сақтандырушы, қоғам сақтандыру төлемі бойынша өз міндеттемелерін толық орындағаннан кейін ғана сақтандырушының, қоғамның агентпен шартының талаптарын міндетті түрде сақтау шартымен бөледі.

5. Агенттің қызметін бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары, уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 179, 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-1-бап. Гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның құқықтары мен міндеттері

Ескерту. 16-1-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның даулы мәселелер туындаған жағдайда қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтаманы дайындау кезінде қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшырауы болжанып отырған жерге барып, зерттеу жүргізуге құқығы бар.

2. Гидрометеорологиялық қызмет органы және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган қолайсыз табиғат құбылысының фактісін растайтын немесе растамайтын анықтаманы:

1) сақтанушыға - тегін, екі дана етіп, қысқа мерзімді құбылыс кезінде - күнтізбелік үш күн ішінде, ұзақ мерзімді құбылыс кезінде - күнтізбелік бес күн ішінде;

2) өзге де мүдделі тұлғаларға - белгіленген тәртіппен ресми жазбаша сұрау салу бойынша беруге міндетті.

Ескерту. Заң 16-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.07.07 № 179 Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Міндетті сақтандыру шарты

1. Міндетті сақтандыру шартын жасасу өсімдік шаруашылығының өнімін өндірушілер мен сақтандырушылар үшін міндетті болып табылады.

2. Міндетті сақтандыру шарты кемінде бес ай және он екі айдан аспайтын мерзімге екі дана етіп жазбаша нысанда жасалады.

Мазмұнына қойылатын талаптар қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленетін сақтанушының өтініші міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

3. Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлері бойынша міндетті сақтандыру шартын жасасу мерзімі егіс аяқталғаннан кейін осы Заңның 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы айқындаған егіс мерзімі аяқталғаннан кейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмейді.

4. Міндетті сақтандыру шарты мынадай жағдайларда:

1) шарт күшінің мерзімі аяқталғанда;

2) шарттың қолданылу мерзімі ішінде орын алған барлық сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылғанда, өзінің қолданылуын тоқтатады.

5. Міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

6. Сақтанушы немесе шарт өзінің пайдасына жасалған өзге тұлға өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарты бойынша пайда алушы болып табылады.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 179, 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-1-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеу ерекшеліктері

1. Міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сақтанушы (пайда алушы):

талаптарды көрсете отырып және өзінің талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) жазбаша өтініш жіберуге не

міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа өтініш жіберуге құқылы.

2. Сақтандырушы сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде оны бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап береді.

3. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысы бар құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

Ескерту. 17-1-баппен толықтырылды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-бап. Дауларды қараудың тәртібі

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру қатынастарынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады.

19-бап. Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

20-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2004 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*